



Пайдаланушы нұсқаулығы

Benjie S6 диктофоны

Құрметті сатып алушы!


«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және оны құрылғыны одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Құрылғының мақсаты

Диктофон — жазуға немесе ауызекі сөйлеуді жазуға және ойнатуға арналған құрылғы.

Құрылғы сызбасы

Қосу/өшіру



1. Құрылғыны қосу/өшіру қосқышы.
2. «Мәзір» батырмасы.
3. Дыбыс деңгейін өзгерту батырмасы.
4. Жазуды бастау қосқышы.
5. «Артқа/алдыңғы трек» батырмасы.
6. «Алға/келесі трек» батырмасы.
7. «Енгізу/Ойнату/Кідірту» батырмасы.
8. MicroUSB жалғағышы және құлаққаптарды жалғауға арналған қосқыш.
9. Микрофон.
10. Динамик.
11. LCD дисплейі.

Құрылғыны қосу

Қосқышты «ҚОСУ» күйіне жылжытыңыз.

- Қосқыш «ҚОСУ» күйінде болған кезде, «ЕНГІЗУ» батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз. Құрылғы күту режиміне өтеді. Құрылғыны күту режимінен шығару үшін «Енгізу» батырмасын тағы бір рет басып тұрыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін қосқышты «ӨШІРУ» күйіне жылжытыңыз.

Жазу/сақтау

- Жазуды бастау үшін «Жазу» батырмасын басыңыз.
- Жазуды кідірту/жалғастыру үшін «Енгізу» батырмасын басыңыз.
- Жазуды тоқтату үшін «Жазу» батырмасын тағы бір рет басыңыз.
- Соңғы жазбаны ойнату үшін «Енгізу» батырмасын басыңыз.

Файлдарды жою

- Жазбаны кідіртуге қойыңыз.
- «Мәзір» батырмасын басып, жойғыңыз келетін файлды таңдаңыз.
- Жоюды растау үшін «Мәзір» батырмасын басыңыз.

Музыка

Негізгі экрандағы «Музыка» белгішесін таңдап, «Енгізу» батырмасын басыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу батырмасын, содан кейін бекіту үшін «Енгізу» батырмасын басыңыз.

Артқа оралу

Алдыңғы экранға оралу үшін «Мәзір» батырмасын басыңыз.

Артқа/алға айналдыру

⏪/⏩ батырмасын қысқа уақытқа басу тректі ауыстыру үшін қолданылады.

⏪/⏩ батырмасын ұзақ басу айналдыру үшін қолданылады.

Ойнатуды бастау/кідірту үшін «Енгізу» батырмасын басыңыз.

Ішкі мәзір

Ойнату кезінде ішкі мәзірге кіру үшін «Мәзір» батырмасын басыңыз.

Қайталау баптаулары

«Мәзір» батырмасын басыңыз, содан кейін тиісті мәзірді таңдаңыз, ойнату экранында A-B белгішесі пайда болады.

1. ⏮ батырманы басу арқылы қайталау кесегінің басталуын орнатыңыз (B белгішесі жыпылықтайды).
2. ⏮ батырманы тағы бір рет басыңыз, содан кейін таңдалған қайталанатын кесек ойнауы басталады.
3. Қайталау баптауларын қалпына келтіру және қалыпты ойнатуға оралу үшін ⏮ батырмасын басыңыз.

Қажетті қайталау параметрлерін (саны мен аралығын) орнату үшін дыбыс деңгейін жоғарылату/азайту пернелерін пайдаланыңыз.

Файлдарды құрылғыға жіберу

Құрылғыны компьютерге microUSB кабелі арқылы қосыңыз. MP3-ойнатқышы операциялық жүйеде алынбалы диск ретінде көрсетіледі.

Ескерту: ән мәтінін қосу және оларды ойнатылатын трекпен көрсету үшін мәтіндік файлды құрылғыда сол бір қалтада сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Моделі	S6
ДК қосылу	USB 2.0
Жады	4 Гб
Жазу режиміндегі жұмыс уақыты	23 сағатқа дейін
Ойнату режиміндегі жұмыс уақыты	Құлаққап арқылы 15 сағатқа дейін (құлаққапқа байланысты)
Қолдау көрсетілетін музыка форматтары	MP3, WMA, WAV
Қолдау көрсетілетін жүйелер	Windows / macOS / Linux

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жатады. Берілген өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды қорғауға және тиісінше пайдаланбаған кезде туындауы мүмкін қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін зиянды алдын алуға көмектесе аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Дайындаушы: Шэньчжэнь Бэньцзе Тэкнолоджи Ко., Лтд.

8F, блок В, 10 ғимарат, Хуафэн технологиялық паркі, Фэнтан тас жолы, Танвэй, Фуюн, Баоань, Шэньчжэнь, Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шарты кезінде кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.ru/service-center/>

